

«Қазтұтынуодағының Қостанай жоғары экономикалық колледжі» мекемесі
Учреждение «Костанайский высший экономический колледж Казпотребсоюза»

Сабақтың әдістемелік әзірлемесі
Методическая разработка урока

Тақырып: Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін талдау

Тема:

Пәні бойынша: Экономикалық талдау және қаржы есебін талдау

По дисциплине:

Мамандығы бойынша: 0516000 - Қаржы

По специальности:

Қаржы-экономикалық кафедра
отырысында қаралды
Рассмотрена на заседании
кафедры финансово-
экономических дисциплин
Хаттама № /Протокол №
4 от «13» 11 2020 ж / г
Кафедра басшысы:
Руководитель кафедры:
Б.К.Кукенова

Костанай, 2020 г

Мазмұны

Түсініктеме хат.....	3
Кіріспе.....	5
Сабақ жоспары.....	7
Негізгі бөлім.....	11
Қорытынды.....	14
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	15
Қосымшалар.....	16

Түсініктеме хат

Әлемдік білім беру стандарттары бойынша болашақ мамандарды даярлаудың міндеті жетік меңгерілген еңбек нарығының талаптарына сәйкес мамандарды шығарудан тұрады. Қазіргі заманның жағдайлары болашақ маман дайындауда және олардың әрдайым прогресшіл болуына байланысты мынадай қажеттіліктерге бейімділігін талап етеді:

- әрдайым және түбімен өзгеретін жұмыс орындарына бейімділігі;
- қазіргі таңда әрі ойлап табылмаған технологиялармен жұмыс атқара білуі;
- бірнеше рет жаңартылатын білімдер мен дағдыларды пайдалана білуі;
- әлі ашылмаған жаңа кәсіпорындарда жұмыс істей алуы;
- бүгін шешімі табылмаған мәселелердің жауабын таба алуы;

Қазіргі таңда мамандарды дайындауда туындаған сұрақтардың, мәселелердің жауабын іздегенде жаңа технологияларды қолданбау және оларды пайдаланбау мүмкін емес болып отыр. Жаңа технологиялар оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым – қатынасты түбірімен өзгертеді. Экономикалық талдау және қаржы есебін талдау пәнін оқу оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін өзі көрсете білуге бейімдеу, проблемалық тақырыптың мазмұнын ашу, пікірталасқа түсу, өзіндік ойларын ғылыми дәлелдеудегі мұндай оқу ынтымақтастығын тудыратын топтық жұмыстардың мүмкіндіктері мен тиімділігі мол.

"Экономикалық талдау және қаржы есебін талдау" пәні бойынша сабақтың әдістемелік дамуы - бұл оқытудың формаларын, құралдарын, әдістерін, заманауи педагогикалық технологиялардың элементтерін және оқыту мен тәрбиелеу технологияларын, бәсекеге қабілетті маманды дайындайтын құрал. Осы Әдістемелік әзірлемені қолдану жоғарыда аталған тақырыпқа қатысты оқу бағдарламасының талаптарын сәтті орындауға, сондай-ақ білім беру сапасын жетілдіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, өйткені ғылыми-техникалық жетістіктердің үздіксіз өсуі жағдайында мамандарды кәсіби даярлауға қойылатын талаптар да артады. Олар жаңа ақпараттық технологияларды меңгеріп қана қоймай, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуге байланысты кәсіби міндеттерді шешуде шығармашылық тәсілді пайдалана отырып, оларды өздерінің кәсіби қызметінде тиімді қолдануға тиіс. Әдістемелік даму жеке және ұжымдық жұмысты қамтиды. Ол оқытуды кәсіби-педагогикалық жетілдіруге бағытталған. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының маңызды көрсеткіштерінің бірі-төлем қабілеттілігін толық қарастырамыз.

Ол баланстың өтімділігіне тығыз байланысты. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігіне басқа да факторлар- елдегі саяси және экономикалық жағдай,

ақша нарығының жағдайы, кепілдік және банктік заңдардың жетілуі, меншіктің капиталмен қамтамасыз етілуі, дебиторлық борыш, кәсіпорынның қаржы жағдайы және басқалар әсер етеді.

Төлем қабілеттілігін талдау кезінде осы факторларды кешенді түрде қарастыру маңызды, бұл талданатын кәсіпорынның қаржы жағдайын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Кіріспе

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі оның қаржылық тұрақтылығының маңызды белгілерінің бірі және сондықтан онымен тығыз байланысты болады. Сол себепті нарық экономикасы жағдайында оған көп көңіл бөлінеді.

Арнайы есептік талдау кезінде төлем қабілеттілігін анықтау жөнінде әр түрлі көзқарастар кездеседі. Қаржылық талдау бойынша кейбір авторлар төлем қабілеттілігі ретінде кәсіпорынның өзінің ұзақ мерзімді міндеттемелері бойынша есептесе алу қабілеттілігін түсінеді.

Төлем қабілеттілігі - бұл барлық қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша қарыздарды өтеу және өнім өндіру процесін үзіліссіз іске асыру үшін жеткілікті қаржының болуы.

Бұл тақырыптың өзектілігі кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын талдай отыра, төлем құралдары мен төлем қабілеттілігінің жағдайын анықтау болып табылады.

Сабақтың мақсаты:

- ✓ кәсіпорынның төлем қабілеттілігін талдау барысында оқушылардың білімдерін кеңейту
- ✓ тақырыпты жүйелеу, жалпылама бақылау;
- ✓ тақырыпты тереңдете отырып, бекіту.

Сабақтың өткізілуіне қойылатын міндеттер:

- ✓ кәсіпорынның төлем қабілеттілігін жүргізу;
- ✓ көрсеткіштерін талдай білу;
- ✓ қорытынды жасай білу.

Сабақтарды өткізу кезінде келесі әдістерді қолдану қажет:

- 1) теориялық талдау;
- 2) салыстырмалы әдіс.

Болашақта білікті маман:

- 1) төлем қабілеттілігінің негізгі міндеттерін білу;
- 2) төлем қабілеттілігіне ықпал ететін факторларды талдай білу;
- 3) кәсіпорынның төлем қабілеттілігінің тұрақты болуын жоспарлау;
- 5) әдістемелік ұсынымдармен жұмыс істей білу.

Учреждение "Костанайский высший экономический колледж Казпотребсоюза"
Institution "Kostanay higher economic college of Kazpotrebsoyuz"

SABAQ JOSPARY № 27
ПЛАН ЗАНЯТИЯ (УРОКА)
LESSON PLAN

Pán /Дисциплина/ Discipline «Экономикалық талдау және қаржылық есепті талдау»

Kúni /Дата /Date 14.11.2020 жыл

Mamandyq /Специальность /Specialty 0518000 «Есеп және аудит»

Top /Группа /Group Бк-19

Taqyryby /Тема /Theme «Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін талдау».

Sabaqtuń túri /Тип урока /Lesson type тәжірибелік сабақ

Sabaqtuń maqsatary /Цели урока /Lesson objectives

bilimdilik /образовательные /educational:

кәсіпорынның төлем қабілеттілігін талдау барысында оқушылардың білімдерін кеңейту, жүйелеу, жалпылау, тереңдету, бекіту.

damytúshylyq /развивающие /developing:

оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға ықпал ету, сабақтан тыс жағдайларда білімдерін тиімді қолдана білуге қабілетті, болашақ маман ретінде дамуына ықпал ету.

tárbielik /воспитательные / educational:

оқушылардың жүріс-тұрыс, қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу, эстетикалық талғамды, ұқыптылықты тәрбиелеу, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Sabaqtuń jabdyqtary /Оборудование урока/ Lesson equipment

kórnekilik quraldar /наглядные пособия / visual aids:

Zoom бағдарламасын пайдаланып тәжірибелік сабақтың өткізілуін өткізу барысында ойын технологияларының элементтерін қолдану арқылы білім алушылардың әрекеттерін белсендіру және жетілдіру.

TOQ /ТСО / ТТТ:

ПК

Ádebiat /Литература/ Literature

К.Ш.Дүйсенбаев «Қаржы есебін талдау» 90 бет.

К.Ш.Дүйсенбаев «Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау» 104 бет.

Б.С.Өтебаев «Қаржылық талдау» 135 бет.

Sabaqtuń mazmuny /Содержание занятия / Lesson content

Kezeńderi /Этапы /Stages	Ýaqt /Время / Time
1. Ұйымдастыру кезеңі	1-2 мин
2. Оқушылардың жігерлігін тексеру кезеңі	15 мин
3. Сабақтың тақырыбы мен мақсаты	1-2 мин
4. Тәжірибелік сабақ тапсырмаларын орындау бойынша нұсқаулық	4-5 мин
5. Тәжірибелік сабақ тапсырмаларын орындау	45 мин
6. Ағымдағы нұсқаулық	1 мин
7. Үйге тапсырма	1-2 мин
8. Сабақ бойынша қорытынды	6-8 мин

Sabaqtuń barısy /Ход урока /During the lesson

<p>Oqútyshynyń is – áreketi/ Деятельность преподавателя/ Teacher Activities</p>	<p>Oqú ádisteri, oqutý ádisteri, pedagogikalyq ádistemeler, pedagogikalyq tehnolognalar/ Методы обучения, методические приемы, педагогические техники, педагогические технологии/ Teaching methods, teaching reception, pedagogical techniques, pedagogical technologies</p>	<p>Oqú resúrstary men materialdar/ Учебные ресурсы и материалы/ Learning Resources and Materials</p>	<p>Oqúshynyń is – áreketi/ Деятельность обучающихся/ Students activities (jas oqutýshylar úshin toltyrǵy mindetti / обязательно для заполнения молодым преподавателям required for young teachers)</p>
<p>1. Ұйымдастыру кезеңі: -сәлемдесу; -қатысушыларды белгілеу; -оқушылардың және жұмыс орнының сабаққа дайындығын тексеру.</p> <p>2. Оқушылардың жігерлігін тексеру кезеңі: Өткен тақырыпты қайталау мақсатымен «Өзіндік ойын» жүргіземіз слайдта сұрақтар берілген, сұрақтарға жауап бере отыра ұяшықта белгіленген ұпай санына ие болады. Ұяшықтың ішіндегі сұрақтар келесідей:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Төлем қабілетті құралдарға қандай бөліктерді жатқызуға болады ? 2. Ағымдағы міндеттемелерге қандай бөліктерді жатқызуға болады ? 3. Есепті кезең ішіндегі ағымдағы төлем қабілеттілігін қалай есептейміз? 4. Активтер өтімділік дәрежесіне қарай қалай топтастырылады ? 5. Баланстың пассивтері қандай топтарға топтастырылады ? 6. Баланстың өтімділігін анықтау үшін актив пен пассив топтарының салыстыруын көрсет ? 7. Абсолюттік өтімділік коэффициентін ата ? 8. Аралық өтеу коэффициентін ата ? 9. Ағымдағы өтімділік коэффициентін ата ? <p>Тақтада коэффициенттер көрсетілген, сол коэффициенттердің жұптарын табу керек.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өтімділіктің жалпы коэффициенті. 2. Ақшалай қаражаттың жеткілікті коэффициенті. 3. Ақшалай қаражатты капиталдандыру коэффициенті. <p>Осымен өткен тақырыпты қайталау</p>	<p>АКТ</p> <p>АКТ</p>		<p>Оқушылар амандасады. Сабаққа қатысу туралы мәлімет береді.</p> <p>Оқушылар тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, сайысқа белсене қатысады.</p>

<p>мақсатымен «Өзіндік ойын» сайысын аяқтай отыра, қорытынды жасап, жаңа сабақтың тақырыбын талқылауға көшеміз.</p> <p>3.Сабақтың тақырыбы мен мақсаты: <i>Сабақтың тақырыбы:</i> «Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін талдау» <i>Сабақтың мақсаты:</i> кәсіпорынның төлем қабілеттілігін талдау барысында оқушылардың білімдерін кеңейту, жүйелеу, жалпылау, тереңдету, бекіту.</p> <p>4. Тәжірибелік сабақ тапсырмаларын орындау бойынша нұсқаулық. Тәжірибелік сабақ тапсырмасының мазмұны берілген тапсырма төрт кезеңнен құрастырылған: *Бірінші кезеңде: әр оқушы тәжірибелік жұмыстың орындалуымен танысады, кәсіпорынның төлем құралдары мен төлем қабілеттілігіне талдау жасау керек екендігі түсіндіріледі. Оқушылар берілген тапсырманы қарастырады. *Екінші кезеңде: №1 тапсырманың көрсеткіштерін пайдалана отыра төлем құралдары мен міндеттемелерді топтастыру. Қорытынды жасалу керек. Берілген тапсырма орындалып әр оқушы берілген кестені толтыру қажет. Әр дұрыс жауап жазған балаға жұлдызша беріледі (әр жұлдызша-10 ұпай) *Үшінші кезеңде: №2 тапсырманың қорытындысы бойынша әр оқушыдан төлем қабілеттілігінің коэффициентін пайдаланып берілген тапсырманы шығарады. Әр дұрыс жауап жазған балаға жұлдызша беріледі (әр жұлдызша-10 ұпай) *Төртінші кезеңде: берілген тапсырманың қорытындысы қанағаттанарлық жағдайда болса, әр оқушы берілген тапсырма бойынша қорытынды, талдау жасау керек. Қарастырылып отырған кәсіпорынның төлем қабілеттілігі қандай дәрежеде екеніне талдау жасалу керек.</p> <p>5.Тәжірибелік сабақ тапсырмаларын орындау. (Қосымша №1)</p> <p>6.Үйге тапсырма Кәсіпорынның өтімді қаражатының айналымдылық көрсеткіштері анықталғанда оның төлем қабілеттілігін дұрыс бағалау үшін өтімділік коэффициенттерін есептеу қажет. Сол себептен қосымша өтімділік коэффициенттерін, анықтамаларын қайталап келу. Келесі тәжірибелік жұмысқа дайындық.</p>	<p>АКТ</p> <p>АКТ</p>	<p>Тыңдайды,дәптерлеріне жазады.</p> <p>Оқушылар зейін қойып тыңдайды, көңіл аудару</p> <p>Оқушылар зейін қойып тыңдайды, берілген тапсырманы орындайд</p>
---	-----------------------	--

<p>Қолданылатын әдебиет: К.Ш.Дүйсенбаев (109-113 беттер)</p> <p>7.Сабақ бойынша қорытынды Әр оқушы бағалау парақтарының қорытындысын есептеп, барлық кезеңдерді бағалайды.</p> <p>2.Тақырып бойынша қорытынды жасау: рефлексия (кері байланыс) Оқушыларға презентация слайдтарында берілген сауалнама сұрақтарына себебін түсіндіріп, жауап беру ұсынылады</p> <p>1.Сабақ барысында мен жұмыс жасадым: ✓ Белсенді ✓ Енжар</p> <p>2.Мен үшін сабақ.....өтті: ✓ Қызықты ✓ Қызықсыз</p> <p>3.Сабақта берілген тапсырмалар мен үшінболды: ✓ Түсінікті ✓ Түсініксіз</p> <p>4.Сабақта алған білімдер мен үшін болды ✓ Пайдалы ✓ Пайдасыз</p> <p>(№ 27 видео сабақ) https://cloud.mail.ru/public/wHML/D8WekmQdL</p>			<p>Оқушылар тыңдайды, сұрақ қояды, баға береді, өз ұсыныстарын көңіл-күйлерін білдіреді.</p>
---	--	--	--

Оқытушы /Преподаватель/ Teacher: _____ Скендинова Н.Д.

Негізгі бөлім

Сабақ өткізу барысының сипаттамасы

Оқытушы жұмысының соңғы нәтижесі меңгерілетін педагогикалық технология арқылы болашақ маманның келесі құзыреттерін қалыптастыру болып табылады:

1. кәсіби құзыреттілік қызметтің өнімділік деңгейін арттыруға, кәсіби қызмет пәнін игеруге, білімді, дағдыларды жетілдіруге, кәсіптің негізгі әдістері мен технологияларын игеруге ықпал ететін тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуға бағытталған.
2. азаматтық-қоғамдық қызметтегі, әлеуметтік-еңбек саласындағы, экономика мәселелеріндегі, кәсіби өзін-өзі анықтаудағы білім мен тәжірибені меңгеруді білдіретін әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі

Студенттермен амандасу, жоқ адамдарды тексеру, жұмыс орындарын тексеру, білім алушылардың назарын ұйымдастыру.

Сабақ тақырыбының хабарламасы: «Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін талдау»

Студенттердің білімін өзектендіру

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін талдау барысында оқушылардың білімдерін кеңейту, жүйелеу, жалпылау, тереңдету, бекіту.

Тәжірибелік сабақ тапсырмаларын орындау бойынша нұсқаулық.

Тәжірибелік сабақ тапсырмасының мазмұны берілген тапсырма төрт кезеңнен құрастырылған:

*Бірінші кезеңде: әр оқушы тәжірибелік жұмыстың орындалуымен танысады, кәсіпорынның төлем құралдары мен төлем қабілеттілігіне талдау жасау керек екендігі түсіндіріледі. Оқушылар берілген тапсырманы қарастырады.

*Екінші кезеңде: №1 тапсырманың көрсеткіштерін пайдалана отыра төлем құралдары мен міндеттемелерді топтастыру. Қорытынды жасалу керек. Берілген тапсырма орындалып әр оқушы берілген кестені толтыру қажет. Әр дұрыс жауап жазған балаға жұлдызша беріледі (әр жұлдызша-10 ұпай)

*Үшінші кезеңде: №2 тапсырманың қорытындысы бойынша әр оқушыдан төлем қабілеттілігінің коэффициентін пайдаланып берілген тапсырманы шығарады. Әр дұрыс жауап жазған балаға жұлдызша беріледі (әр жұлдызша-10 ұпай)

*Төртінші кезеңде: берілген тапсырманың қорытындысы қанағаттанарлық жағдайда болса, әроқушы берілген тапсырма бойынша қорытынды, талдау жасау керек. Қарастырылып отырған кәсіпорынның төлем қабілеттілігі қандай дәрежеде екеніне талдау жасалу керек.

Сабақ бойынша қорытынды

Әр оқушы бағалау парақтарының қорытындысын есептеп, барлық кезеңдерді бағалайды.

Тақырып бойынша қорытынды жасау: рефлексия (кері байланыс)

Оқушыларға презентация слайдтарында берілген сауалнама сұрақтарына себебін түсіндіріп, жауап беру ұсынылады

- 1.Сабақ барысында мен жұмыс жасадым:
 - ✓ Белсенді
 - ✓ Еңжар
- 2.Мен үшін сабақ.....өтті:
 - ✓ Қызықты
 - ✓ Қызықсыз
- 3.Сабақта берілген тапсырмалар мен үшінболды:
 - ✓ Түсінікті
 - ✓ Түсініксіз
- 4.Сабақта алған білімдер мен үшін болды
 - ✓ Пайдалы
 - ✓ Пайдасыз

Үйге тапсырма

Кәсіпорынның өтімді қаражатының айналымдылық көрсеткіштері анықталғанда оның төлем қабілеттілігін дұрыс бағалау үшін өтімділік коэффициенттерін есептеу қажет. Сол себептен қосымша өтімділік коэффициенттерін, анықтамаларын қайталап келу. Келесі тәжірибелік жұмысқа дайындық.

Қолданылатын әдебиет: К.Ш.Дүйсенбаев (109-113 беттер)

Қорытынды

Қазіргі білім берудегі білім беру процесі мұғалімнің ойлау қабілеті кең, әр түрлі педагогикалық формалардың, әдістердің, құралдардың, режимдердің және оқыту негізін ұтымды үйлесімі арқылы жоғары тиімділікке жетеді. Бұл шеберлікте - оқытушының кәсіби құзыреттілігі мен әрекет қабілеттілігінің маңызды көрсеткіші. "Экономикалық талдау және қаржы есебін талдау" пәні бойынша сабақты әдістемелік тұрғыдан әзірлеу қазіргі заманғы педагогикалық оқыту технологияларының негізгі нысандарын, құралдарын, әдістері мен элементтерін ашты.

Заманауи жабдықтар-бұл жоғары тиімді техникалық оқыту құралдарының кең спектрі. Көптеген процестерді модельдеуге мүмкіндік беретін және сол арқылы студенттердің білімін іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін компьютерлерден басқа, бұл: zoom бағдарламаларының мүмкіндіктері.

Тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында, теориялық білімдерін пайдалану, есептеу көрсеткіштерін тиімді пайдалану арқылы өз білімдерін тереңдету, бекіту болып табылады. Тақырыптың өзектілігін, орындалу мақсатына жету, алдына қойылған міндеттерді орындай отыра, кәсіби дағдыға бой түзеу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау» К.Ш.Дүйсенбаев Алматы «Экономика баспасы» 2015 жыл
2. «Қаржылық талдау» Б.С.Өтебаев Астана-2014 жыл
3. «Қаржы есептігін талдау» К.Ш.Дүйсенбаев Алматы-2016 жыл
4. «Экономикалық талдау» Н.А. Кривогузова Қарағанды-2004 жыл
- 5.Қазақстан Республикасының заңы « Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» №234 28.02.2007 жыл
- 6.Қазақстан Республикасының Президенті –Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саясибағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
- 7.Ұлт жоспары-Н.Ә.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы 8.Қазақстан -2030 стратегиясы- ел дамудың 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы

Тапсырма № 1

Кәсіпорынның төлем құралдары мен төлем қабілеттілігіне талдау жасау.

№ р/р	Көрсеткіштер	Жыл басы, мың теңге	Жыл соңы, мың теңге
1	Төленуге тиісті жеткізушілер шоты ұсынылды	2 020	1 900
2	Мүлікті сақтандыру бойынша міндеттеме	54	52
3	Есеп айырысу шотындағы қалдық ақша	190	123
4	Сатуға арналған қысқа мерзімді бағалы қағаздар	225	222
5	Қысқа мерзімді несие	228	231
6	Мердігер ұйымының шоты	112	125
7	Төленуге тиісті сатып алушылардың шоты	2 061	2 000
8	Төленуге тиісті жеткізушілер ұсынған вексельдер	162	165
9	Сатылған негізгі құралдар үшін қаражат	495	360
10	Басқадай түсімдер	45	25
11	Салық бойынша бюджетке міндеттеме	657	563
12	Мерзімі келген еңбек ақы бойынша қызметкерлерге міндеттеме	828	520
13	Сақтандыру аударымы бойынша міндеттеме	108	98
14	Өткізілген материалдарға қаражаттар	207	123
15	Депоненіренген еңбек ақы бойынша берешек	11	9
16	Кассадағы ақша қаражаттарының қалдығы	38	23
17	Төленетін дебиторлық берешек	189	97
18	Мерзімі өткен шоттар бойынша сатып алушылардан түсім	205	198

Тапсырма № 2

№1 тапсырманың көрсеткіштерін пайдалана отыра төлем құралдары мен міндеттемелерді топтастыру. Қорытынды жасау.

Төлем құралдары	Жыл басы	Жыл соңы	Ауытқу (+;-)	Міндеттемелер	Жыл басы	Жыл соңы	Ауытқу (+;-)

Тапсырма № 3

№2 тапсырманың қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігінің коэффициентін пайдаланып, берілген тапсырманы орындау.

№ р/р	Оқушының аты	Төлем қабілеттілігінің коэффициенті
1		
2		
3		

Тапсырма № 4 Кәсіпорынның төлем қабілеттілігінің орындалу барысына қорытынды талдау жүргізу.